

## АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Төлеужанова Ж.М.  
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.

Ұлы ақын Абайдың рухани мол мұрасын жаңа көзқарас тұрғысынан жан – жақты, терең зерттеп, қазіргі өскелең ұрпаққа тағылымдық, танымдық

тұрғыда ұғындыру үлкен міндет деуге болады. Абай өлеңдерінің кереметі ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, әр кезеңде өзіндік мәнін ешқашан жоймайды.

Абай шығармашылығының бір шынары - табиғат лирикасы. Табиғаттың адам өміріндегі орны айрықша, адам онда өмір сүріп, еңбек етіп қана қоймай, табиғаттың тамаша құбылыстары мен сұлулығына аса мән береді. Әсіресе, жаны нәзік, сезімтал, сұлулықты, әсемдікті жүрекпен сезінетін ақынжанды адамдар үшін табиғат-сыры терең, тың әлем. Міне осы қасиет ұлы Абайдың бойынан табылды. Ол- табиғаттың тылсым әлемі мен әдемілігіне арнайы қалам тартқан лирик ақын. «Табиғат-адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы, бар байлық, қазына, тіршілік. Бұл тақырып дүниежүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алды. Әр дәуір, әр жағдайға лайықты табиғатты әркім әртүрлі жырлады. Біреулер табиғат арқылы өмір сүретін, біреулер табиғатты суреттеу арқылы көңіл-күйін, өз көзқарасын айтып берді» - дейді Абайды алғашқы зерттеушілердің бірі - Қ.Жұмалиев[4].

Абай табиғат аясында өсіп, оны сүйе білді. Ақынның «Желсіз түнде жарық ай», «Күз», «Қыс», «Жаз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір - екі ай» сияқты табиғатқа арнаған негізгі өлеңдерін оқығанда, сол жыл мезгілдерінің келбеті көз алдына келеді. Жаз туралы өлеңінде жаратылыстың жайдары жазы, күз туралы жырлағанда, сары жапырақ жамылған сары күз, қысты суреттеген өлеңінде аппақ мамық қардың үстіне үйіріле соққан үскірік аязды желі көз алдында тұрады.

Мысалы: «Күз» деген өлеңінде Абай:

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,

Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай,

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

Жапырағынан айырылған ағаш-курай.

Сидіған, көркінен айырылған ағаш-курайды, мүсәпір, өмірінің көркі жоқ қайыршы шал-кемпірге ұқсатады. Немесе:

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,

Үй жылы, тұтқан айналасы,

Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,

Ағып жүріп ойнатар көздің жасы – деген өлең жолдарынан көп нәрсені ұғып, пайымдауға болады. Расында, үстіне түлкі ішік пен басына қалың тымақ киген байдың торсықтай баласы мен оны қожайынынан

қорқып, көзі жәутең-жәутең етіп, жұқа киімінен тоңып дірдек қаға ойнатып отырған кедейдің баласын сөзбен суреттейді. Осы сурет көз алдына келіп, жан- дүниеге әсер етеді. Күз түскенде, табиғаттың нұры жабырқаңқы тартып, сұр бұлт пен дымқыл тұман қаптап, қара суық малдың да, адамның да реңін қашырады. Иә, күз біреуге құт, біреуге жұт боп келеді. Бай іргесі қымталған жылы үйде отырып, ет жеп, қымызын ішіп екі беті қызарып, шекесі жалтырап отырса, кедей байғұс қара суық өңменінен өтіп, кешке дейін байдың малын бағып, кешке жыртқық үйде бүрсең қағады. Қыста жағатын отыны, союға соғымы жоқ екенін ойлап уайымдайды. Күннің суығаны байлардың өміріне еш қиындық туғызбайтыны, тамағы тоқ, көйлегі көк байдың өмірі мен жыртқық шекпенді кедей тіршілігін суреттейді. Осы бір шумак, төрт қатар ғана өлең жолдары сол кезеңнің тұтастай әлеуметтік өмірін жеткізген. Мұндай өлең өрнектері арқылы заман келбетін жеткізе білу- тек Абайдың ғана ақындық шеберлігі. Ақын осылайша күзді суреттеу арқылы, адам өмірінің жабырқаңқы тартқан көңілсіз бір кезеңін шебер жеткізген. Мұны тек терең ұғып, Абайша ойлау керек. Сонда ғана ақынның осы өлең арқылы айтқысы келген ойының түйінін тарқата түсінесіз.

«Қараша, желтоқсанмен сол бір - екі ай» өлеңінде:

Қараша, желтоқсанмен сол бір - екі ай

Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай

Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп

Қалтыраумен күзеуде отырар бай- деп Абай бұл өлеңінде байлар өмірін суреттейді. Олардың қыстауға көшуге асықпай күзеуде отырғандығысараңдығынан екенін сынға алады.

«Желсіз түнде жарық ай»

Желсіз түнде жарық ай

Сәулесі суда дірілдеп,

Ауылдың маңы терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп-деп, қараңғы түндегі ауыл маңын, өзен бетіне түскен айдың сәулесімен түнде де сұлулық сәні болған табиғатты суреттеген.

Ал енді «Жазғытұрым»өлеңінде жаз кезінде жердің жүзі масатыдай құлпырып кететінін, күн аямай шуағын төгіп, айналаны нұрға бөлейтінін жырлайды. Адамзатпен бірге, жан-жануарлар да қуанады, қойдың қозысы жамырап, түйенің ботасы боздап, тіршіліктің қайнаған көзін мынадай өлең жолдарынан көруге болады:

Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,

Көбелек пен құстар да сайда ду-ду,

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

Сыбыр қағып, бұраңдап ағады су[1].

Ақын жыл мезгілдерін суреттеу арқылы оқырманның көз алдына табиғаттың түрлі-түрлі құбылысы мен ерекшеліктерін: бүр жарған бәйшешекті, көк орай шалғын мен гүрілдей аққан өзенді, жайбарақат жаз,

ұйтқыған боран мен үскірік аяз, қылышын сүйреткен қыс, аспанды торлаған бұлт, қоңыр тартқан сүреңсіз қара суық күзді көрсетеді. Алдымен, әр өлеңінде табиғат көріністерін суреттеп, ізінше сол көрініске бөленген ауыл тіршілігін сипаттауға көшеді. Міне, осылайша ақын табиғатты өлеңдеріне арқау етті, табиғаттытың сырын терең ұғынды, табиғат пен адам өмірін сабақтастырып, ұштастырды. Ол екеуінің арасындағы көзге көрінбейтін байланысты көзімен ғана емес, көкірегімен көре білді. Абайдың өлеңдерінен жыл мезгілдерінің құбылысы адамның мінезіне, тіршілігіне әсер ететінін, онымен астасып жататынын байқаймыз.

Мұхтар Әуезов бұл жөнінде «Табиғат көріністерін, оған бөлінген қазақ даласындағы өмірді, тұрмыс-халді тамаша суреттеген әрі жан-жақты жырлаған. Табиғат қуана да, ренжи де біледі. Тек оны жүрегіңмен түсініп, аялай білу керек. Сонда ғана сен табиғатты сүйе білесің, оны түсіне аласың. Жылдың төрт мезгілі туралы жазылған өлеңдері бейнеті мен азабы мол мал баққан шаруаны баянсыз көшпелі ауылды көрсететін сұлу шығармалар болып табылады» деп баға береді [2].

Мәселен, «Жаз» өлеңі  
Жаздыгүні шілде болғанда,  
Көкорай шалғын, бәйшешек,  
Ұзарып өсіп толғанда;  
Күркіреп жатқан өзенге,  
Көшіп ауыл қонғанда;  
Шұрқырап жатқан жылқының  
Шалғыннан жоны қылтылдап,  
Ат, айғырлар, биелер  
Бүйірі шығып, ыңқылдап,  
Суда тұрып шыбыңдап,  
Күйрығымен шылпылдап,  
Арасында құлын-тай  
Айнала шауып бұлтылдап [1].

Бұл шумақтардан күркіреп ағып жатқан өзен, айнала көкорай-шалғын, өзен жағасына келіп қоныстанып жатқан ауыл, ақ білегін сыбанып үй тіккен қыз-келіншектер көз алдында және үйірдегі жылқының құлын-тайларының тебіскені, бүйрегі бұлтылдап шапқылағаны- бәрі-бәрі сөзбен салынған сурет.

Ал «Қыста»  
Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап, қеліп қалды.  
Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды.  
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,

Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды деп,-қыстың қаттылығын, аяздың мықтылығын суреттейді. Аяздан шидем мен тонды қабаттап киген малшының долы боранға «бет қарауға шыдамай теріс айналғаны», яғни мал соңында жүрген жылқышылардың кешкен күні, суықтан титықтаған тай-құнандарға аузын арандай ашып жүрген аш бөрілер елестейді. Расында, осы өлең шумағын оқығанда, қыстың суық ызғары бетіңе тигендей болады. Негізінде, табиғатты оқиғамен байланыстыра суреттеу халық ауыз әдебиетінен бар. Бірақ қазақ әдебиетінде табиғат жеке тақырып ретінде алынады. «Батыстың классик ақындарының үлгісімен табиғатты суреттеу Алтынсарин мен Абайдан басталады. Әсіресе, оны жоғарғы сатыға көтерген - Абай»[3]. Мәселен, Абай «Қыс» деген өлеңінде қысты адам бейнесінде суреттейді. Бұлай суреттеу бұрын болмаған. Абайдың қыс бейнесін «кәрі құда» ретінде әлек салғызуы да өзіндік шеберлігі. Қазақ өлеңдерінде мұндай теңеу алғаш рет кездеседі. Қыс ақ сақалы, ақ киімі бар шал бейнесінде суреттеледі. Бұл шығармадан қыстың шаруа тұрмысына қандай әсері бар екені баяндалады. Мәселен, мал баққан малшыға қыс жылдың қолайсыз уақыты екендігін айтады.

Қорыта айтқанда, Абайдың табиғат лирикасы адам өмірімен, оның тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста ашылған. Абай табиғаттың тамаша келбетін, сұлулығы мен түрлі құбылыстарын адам психологиясымен, оның сан алуан сәттерімен астарлы байланыста суреттейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Санат, 1995.
3. Досжан Д. Абай айнасы. – Алматы: Қазақстан, 1994.
4. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Жазушы, 1958.

#### **ОБРАЗНАЯ ДОМИНАНТА «СТЕПЬ» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ**

Туксайтова Р.О., Омарова Г.Т.,  
КазАТУ им. С.Сейфуллина, г. Нур-Султан

Слово как единица языка обладает значительным семантическим потенциалом. Несомненно, необходимы определенные условия для его реализации. В художественном тексте слово приобретает особую значимость, актуализируя свои семантические языковые возможности. По справедливому замечанию В.А. Кухаренко, «с обычным словом